

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы N 440 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

жоба

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

1-бап. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 23, 138, 142-құжат; 2006 ж. N 2, 22- құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай толықтырулар және өзгерістер енгізілсін:

1) 3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақпен толықтырылсын:

"стратегиялық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндірушілер - стратегиялық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіруші немесе оларды өндірушінің атынан Қазақстан Республикасының аумағына тікелей сататын жеке және занды тұлға;";

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) стратегиялық тауарлар (жұмыстар, қызметтер) - үлесін шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметін (тауарын, жұмысын) сатып алуға арналған тарифте (бағада, алым ставкасында) немесе оның шекті деңгейінде және тарифте (бағада, алым ставкасында) немесе оның шекті деңгейінде және тарифтік сметасында едәуір үлесін құрайтын тауарлар (жұмыстар, қызметтер);";

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"18-1) қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі - мынадай: жиырма Гкал/сағатқа дейін жиынтықты белгіленген қуаттылықты қоса, жылышу

қазандықтардан жылу энергиясын өндіру, беру тарату және (немесе) онымен жабықтау жөніндегі;

саны бір жарым мың адамнан аз елді мекеннің тұтынушыларына су шаруашылығы және (немесе) көріз жүйелерінің қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі;";

2) 4-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "үәкілетті органның" деген сөздер "табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

4) тармақшадағы ", сондай-ақ шығындары бекітілген тарифтерде (бағаларда, алымдар ставкаларында) немесе олардың шекті деңгейлерінде ескерілмеген реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тұтынушылардан ақы алу есебінен кіріс алуға" деген сөздер алып тасталсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде 9) тармақшадағы "тыйым салынады" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

" 1 0) м ы н а л а р :

т а р и ф т і к с м е т а д а қ а м т ы л а т ы н ;

реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу құралдарына ақы төлеу, оларды сатып алу және орнату туралы; ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер туралы ақпарат коммерциялық құпия деп тануға тыйым салынады."; мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген шектеулер қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.";

2-тармактағы "Осы Заңың 5-бабы" деген сөздер "Осы баптың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) б-бап мынадай мазмұндағы 1-4) тармақшамен толықтырылсын:

"1-4) үәкілетті органмен келісілген реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату үшін тұтынушылардан ақы алуға";

5) 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 7-3) тармақшамен толықтырылсын:

"7-3) табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын белгілі бір орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен және мерзімде реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызмет туралы есеп беруге";

9) тармақшадағы "реттеліп көрсетілетін" деген сөздердің алдынан "тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші белікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші белігінің 4), 7-1), 10) және 17) тармақшаларында көзделген

міндеттер қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.";

6) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын.

"11-бап. Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін тұтынушының міндеттері Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушы

:

1) табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жасалған шарттардың талаптарына сәйкес, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптарын сатып алу мен орнатуға уақтылы және

толық көлемде ақы төлеуге,

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері белгілейтін техникалық талаптарды орындауға міндетті.";

7) 14 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату үшін ақы алу мөлшерін және тетігін келісуге;"

2-тармақ мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату үшін ақы алу мөлшерін және тетігін келісуге;"

8) 15-1-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

9) 17 - б а п т а :

1 - 1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Уәкілдегі орган мерзімді баспасөз басылымдарында жария тындауларды өткізу күні мен орны туралы ақпаратты:

1) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін жалпы тәртіппен бекіту кезінде кемінде он бес күн бұрын;

2) осы Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту кезінде кемінде жеті күн бұрын жариялауға міндетті.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер бекіту кезінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптар қолданылмайды."; екінші бөлігінде:

мемлекеттік тілдегі мәтінде бірінші абзац өзгеріссіз қалдырылсын;

1) тармақша өзгеріссіз қалдырылсын;

2) тармақшадағы "өткізіледі" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) осы Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдаудан кемінде жеті

4) қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту кезінде бекіту туралы шешім қабылдаудан кемінде бір күн бұрын өткізіледі.";

мынадай мазмұндағы 1 -3-тармақпен толықтырылсын:

"1-3. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын уәкілетті орган бес күн ішінде қарайды.";

2-тармақ "ұзарту туралы шешімдеріне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларын бекіту туралы шешімдеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

1 0) 1 8 - б а п т а :

2-тармақ "отыз бес күн бұрын" деген сөздерден кейін ", ал қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісіне оларды күшіне енгізген сәтке дейін кемінде бес күн бұрын" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) күшіне енгізу тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бекітілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастан жүзеге асырылады.";

4-тармақ "кемінде отыз күннен бұрын" деген сөздерден кейін ", ал қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі олар күшіне енгізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

1 1) 1 8 - 1 - б а п т а :

1-1-тармақтағы "уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органмен оның құзыреті шегінде немесе табиғи монополия субъектісі Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілсе және (немесе) коммуналдық меншікте болса, мемлекеттік органды жергілікті атқарушы және өкілді органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын жағдайларды қоспағанда, жергілікті атқарушы органмен бірлесіп" деген сөздер "табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органмен бірлесіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі осы баптың 1-тармағының 2) - 4), 5) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерді жасау үшін уәкілетті органға алдын ала

ақпарат

ж о л д а у ғ а

м інд етті . " ;

1 2) 1 8 - 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2- 1. Табиғи монополия субъектісі стратегиялық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) белгілі бір тауар рыноктарында мұндай тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндірушілер болмаған жағдайды қоспағанда, стратегиялық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндірушілерден табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын белгілі бір орталық атқарушы органның стратегиялық тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тізбесіне сәйкес тікелей сатып алуды жүзеге асырады.";

4-тармақтағы ", сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары беретін гранттарды, заемдар мен кредиттерді тартуына" деген сөздер алып тасталсын;

5 - т а р м а қ т а :

"негізгі құралдарға жатпайтын" деген сөздер алып тасталсын;

"сома" деген сөз алып тасталсын;

9-тармақ "табиғи монополиялар субъектілеріне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

13) мынадай мазмұндағы 23-баппен толықтырылсын:

"23-бап. Қорытынды және өтпелі ережелер Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілері барлық тұтынушыларды реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптарымен (жалпы үйге арналған жылу энергиясын, суды есептеу аспаптарымен және суды жеке есептеу аспаптарымен) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін қамтамасыз етсін.".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті